

ТӨЛЕМ КАРТАЛАРЫН ШЫҒАРУ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ТАЛАПТАРЫ

- 1.1. Төлем карталарын және қызмет көрсетудің осы Талаптары (ары қарай - Талап) Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.
- 1.2. Талап Банктің Клиентке корпоративті төлем карталарын және жеке кәсіпкерлерге арналған карточкаларын шығару және қызмет көрсету бойынша ерекшеліктері мен тәртібін анықтайды (ары қарай осы талаптың мәтіні бойынша - Карточка).
- 1.3. Осы Талап Банктің интернет – сайтында www.alfabank.kz мекенжайы бойынша орналасқан.
- 1.4. Осы қосымшада Шартта және VISA/MASTERCARD қолдану Ережесінде анықталған түсініктер қолданылады. (Ары қарай - Ереже).

2. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 2.1. Карточка Банк белгілеген үлгіде Клиенттің Өтініші негізінде шығарылады (ары қарай - Өтініш). Банктің ішкі құжаттарымен қарастырылған Банк карточкасын шығару кезінде (қосымша карточка шығарудан басқа) Клиентке Шот ашу Шарттың №1 қосымшасымен белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады. Клиент Банкте ашылған Шот нөміріне карточка шығару Өтінішінде көрсетсе, Карточка шығару сол Шотқа жүзеге асырылады. Шот ашуға және карточка шығаруға Клиент Банкке ҚР заңнамаларына және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес ақпаратты және құжаттарды ұсынады. Карточка шығаруға Клиенттің бірінші Өтінішін берген сәттен бастап туындаған, Тараптардың Карточка шығару және қызмет көрсету бойынша қатынасына қолданылуын осы Талапта белгілейді.
- 2.2. Карточка ұстаушылар, Клиент Карточка шығару Өтінішінде көрсеткен жеке тұлғалар болып табылады. Талап пен Шарттың талаптары Карточка ұстаушыларға таратылады. Клиент әр Карточка ұстаушыны www.alfabank.kz электрондық мекенжайы бойынша Интернет желісінде орналасқан Шартпен, осы Талаппен және Ережелермен таныстыруға міндетті және Карточка ұстаушының ондағы талаптарды сақтауына толық көлемде жауакершілік алады. Клиент осы Талаппен және Банктің ішкі құжаттарымен белгіленген тәртіпте, жазбаша өтініштің негізінде, кез-келген Карточканы жоюға құқылы.
- 2.3. Карточканың бет жағында көрсетілгендей, Карточка мерзімінің аяқталуы бойынша, осы Талаппен және Ережелермен қарастырылған тәртіпте Карточка кезекті мерзімге қайта шығарылады. Карточканы қайта шығару (негізгі және қосымша) Клиент Банк тарифтеріне сәйкес комиссиялық сыйақы төлеу шартымен жүзеге асырылады.
- 2.4. Карточка қайта шығару Ережелермен және Банктің ішкі құжаттарымен белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады. Сонымен қатар, Карточканы қайта шығару мүмкіндігін/мүмкін еместігін Банктің ішкі құжаттарына сәйкес, Банк анықтайды. Клиент Карточка қызметінің мерзімі аяқталуына 30 күнтізбелік күннен кем емес бұрын жазбаша өтініш ұсыну арқылы, Карточканы қайта шығарудан бас тартуға құқылы. Осындай Карточканың берешектері бар болса, Клиент оны өтеуге міндетті. Клиент Талаптың осы тармағымен қарастырылған міндеттемелерді орындамаса, Шарт Клиент өзінің міндеттерін толық орындағанға дейін тиісті бөлігінде әрекет етеді.
- 2.5. Карточка жоғалған жағдайда, оны жою немесе Клиенттің тілегі бойынша, сондай-ақ Карточка ұстаушыладың жоғары қауіпті елдерге барып келген соң, Карточканы қайта шығару, Клиенттің жазбаша өтінішіне сәйкес жүзеге асырылады.
- 2.6. Клиент Карточканы шығару/қайта шығаруға Өтініш берген күннен бастап 6 (алты) айдан аса мерзімде Банкке Карточка алуға келмеген болса (Карточка ұстаушының немесе Клиенттің басқа өкілетті өкілінің атынан) Банк Карточканы жоюға құқылы. Сонымен бірге Карточканы шығару/қайта шығаруға Банктің комиссиялық сыйақысы қайтарылмайды.
- 2.7. Карточка Банктің меншігі болып табылады және осы Талаптар мен Ережелерге сәйкес, Карточка ұстаушыға Шоттағы ақшаға қол жеткізу құралы ретінде ғана беріледі. Клиент (Карточка ұстаушының немесе Клиенттің басқа өкілетті өкілінің атынан) Банкке Карточканы жою, осы Талаптармен қарастырылған басқа да жағдайларда Карточканы қайтаруға міндетті.
- 2.8. Банк Карточканың жеке түрлерін пайдалану арқылы Карточкалық операциялардың жеке түрлерін жүргізуге шектеу/тыйым салуға құқылы. Шектеу/тыйым салуды қолдану тәртібі мен талабы банктің ішкі құжаттарымен белгіленеді және Банктің интернет-сайтында орналастырылады. Клиент Банк белгілеген шектеу/тыйым салуды есепке алумен Карточканың жекеленген түрлерін пайдалану тәртібімен және талаптарымен танысқанын және келіскенін растайды. Банк карточка шығаруға қабылдаған Өтініш Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

2.9. Банк қабылдаған карточканы шығаруға берілген Өтініш Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

3. КЛИЕНТ ПЕН БАНК АРАСЫНДАҒЫ ӨЗАРА ЕСЕПТЕР ЖӘНЕ ТӨЛЕМ ТРАНЗАКЦИЯЛАРЫН ЖҮРГІЗУ ТӘРТІБІ

3.1. Осы Талапқа сәйкес, Банк ұсынатын қызметтер үшін, Клиент Банкке операция күніне әрекет ететін Тарифке сәйкес, комиссиялық сыйақы (комиссия) төлеуге міндетті.

3.2. Тарифтерді Банк Клиентке карточка шығаруға Өтініш қабылдауға дейін ұсынады. Банк Шарттың 5.4. және 5.5. т.т. белгілеген тәртіпте Тарифке өзгеріс енгізеді. Клиент Тарифтермен және олардың мөлшерімен, өзгеру тәртібімен және қолдануымен танысқанын растайды.

3.3. Банк Төлем транзакциясының сомасын, Банктің сыйақы комиссиясын, Шотқа қате есептеліп түскен ақша немесе Карточка ұстаушының сұрауымен Банкомат/POS-терминал пайдаланумен қате алынған ақша және Банкомат/POS-терминалдың бақылау чегінде көрсетілген (қате есептелгенге/алынғанға байланысты емес) шамадан тыс сома, Клиенттің Банк алдындағы кез-келген берешегін Шарттың 5.2. және 5.3. т.т. белгілеген тәртіпте шегеріп алады.

3.4. Карточка ұстаушы Төлем транзакциясын жүргізу кезінде, Талап, Шарт және Ережелердің талабын ескерумен, Шоттағы Төлем лимитінің шегінде, өз мүмкіндігінше ақшаға иелік ете алады. Клиент Шоттағы қаражатты Карточка ұстаушылардың мақсатты пайдалануын өздігімен бақылайды. Карточка ұстаушы Клиенттің өкілетті өкілі болып табылатындықтан, Клиент Карточка ұстаушының Шоттағы қаражатын мақсатсыз пайдалану себебімен Төлем транзакцияларын жүргізуіне наразылық көрсетеуге құқы жоқ.

3.5. Банк бастамалық транзакциялар бойынша жүргізілген төлем транзакциялардың растау құжаттарын алғанша (Банктік комиссиялық сыйақысы есебімен) Шоттағы ақшаның Авторизация сомасына бұғаттау қоюға құқылы. Сонымен бірге, Шоттағы бұғатталған сомаларды, Банк Карточканы бұғаттау туралы Өтініш алған соң да, шегеріп алуы мүмкін.

3.6. Авторизация сомасы осы Талаппен қарастырылған негізде немесе Банк Авторизация сомасына Төлем болмағанын растауын алғанша, Клиенттің Төлем лимитінің сомасынан алынады.

3.7. Банк Төлем транзакциясын жою жағдайында, Банкке түскен мөлшері мен сомасы бойынша шотқа бенефициармен қайтарылған ақша салады. Төлем транзакциясының валютасы Шот валютасынан айырмашылығы болса, тиісті шотқа ақша есептеу Банк белгілеген банкке ақша түскен күнгі бағам бойынша жүзеге асырылады.

3.8. Төлем транзакциялар бойынша ХТЖ Банктің валюталық есеп-айырысуларын ХТЖ өз еркімен ХТЖ ережелеріне сәйкес анықтайды. Төлем транзакциясының валютасын басқа есеп-айырысу валютасына айырбастау қажеттілігін ХТЖ өз еркімен анықтайды, айырбастау Авторластыру сәтінде және растаушы құжаттарды көрсеткен кезде тиісті ХТЖ бекітілген бағам және тәртіп бойынша жүзеге асырылады. Төлем транзакциясы бойынша есеп-айырысу сомасы және валютасы Банктің Тарифтеріне сәйкес айырбастағаны үшін **ОІҒ** Банк комиссиясын ескере отырып тиісті ХТЖ көрсетіледі. Бұл ретте Банк есеп-айырысу валютасына Төлем транзакциясының валютасын айырбастау бойынша ХТЖ әрекеттері үшін Клиенттің/Карточка ұстаушының алдында жауап бермейді, о.і. Төлем транзакциясы бойынша есеп-айырысу валютасының Авторластыру валютасынан өзгеше болғаны үшін, Бұл ретте:

- Төлем транзакциясының валютасы не Авторластыруға берілген сұрауда тиісті ХТЖ көрсетілген, Төлем транзакциясы бойынша есеп-айырысу валютасы Карточка (немесе Карточка Шоты) шығарылған Шот валютасынан өзгеше болса, Төлем транзакциясының валютасын не Авторластыруға берілген сұрауда көрсетілген есеп-айырысу валютасын Шот валютасына айырбастау Банктің Тарифтеріне сәйкес айырбастау үшін комиссиялық сыйақы алумен, Авторластыру сәтінде бекітілген, Банктің бағамы бойынша жүзеге асырылады. Авторластыру сомасы мен валютасы жүргізілген Төлем транзакциясының сомасынан және валютасынан өзгеше болуы мүмкін.
- Жүргізілген Төлем транзакциясы бойынша (Банктің Тарифтеріне сәйкес Банктің комиссияларын ескере отырып) Карточка шығарылған Шоттан ақша алу Банктің Тарифтеріне сәйкес айырбастағаны үшін комиссиялық сыйақы алумен, Шоттан ақша алу сәтінде бекітілген, Банктің бағамы бойынша жүргізілген Төлем транзакциясы бойынша растаушы құжаттардың негізінде жүзеге асырылады. Жүргізілген Төлем транзакциясы бойынша растаушы құжаттарда көрсетілген валюта мен сома жүргізілген Төлем транзакциясы және Авторластыру валютасынан және сомасынан өзгеше болуы мүмкін.

4. КАРТОЧКАНЫ ПАЙДАЛАНУМЕН ОПЕРАЦИЯЛАР БОЙЫНША АҚПАРАТ БЕРУ ТӘРТІБІ

4.1. Банк Клиентке Шот бойынша көшірмелер беру арқылы операциялар туралы хабарлайды. Шот бойынша Көшірмелер Шарттың №1 Қосымшасы белгіленген тәртіпте ұсынылады.

4.2. "Альфа-Чек" қызметін қосу кезінде, Карточканы пайдаланумен, Төлем транзакциялары туралы ақпарат - Клиенттің Банк белгілеген әдісімен ұсынылған телефон нөміріне – SMS-хабарлама немесе Push-хабарлама түрінде ұсынылады. Клиент Банкке Шот бойынша кез-келген үшінші тұлғаға, соның ішінде Шарттың осы тармағымен қарастырылған, Банк әрекетінің нәтижесінде осы ақпаратты нақты алған Карточка ұстаушыға ақпарат беруге келісімін береді. Клиент Шарттың осы тармағына сәйкес, Банк ашық байланыс арналары

арқылы жіберген ақпаратты үшінші тұлғаның рұқсатсыз алу қаупін сезетіні туралы растайды және осындай қауіпті өзіне қабылдайды.

4.3. "Альфа-Чек" қызметі Шарттың 5.2. және 5.3. т.т. белгілеген тәртіпте, қызмет көрсету Тарифімен әрекет ететін күнге сәйкес ұсынылады. [Комиссия «Альфа-Чек»](#) Қызметі қосылған Карточка Шотынан ай сайын алынады (Төлем транзакцияларының болуы-болмауынан тыс).

4.4. Клиенттің Шоттарында ақша болмағанда немесе жеткіліксіз болғанда, комиссия алу үшін Банк пайда болған берешекті Клиенттің толық өтеуіне дейін Клиентке хабарламай, қызмет көрсетуді тоқтатуға құқылы. Берешекті өтегеннен кейін қызмет көрсету жаңартылады.

4.5. Жаңа нөмірмен Төлем карточкасын қайта шығарған кезде [«Альфа-Чек»](#) Қызметі автоматты түрде қайта шығарылған Төлем карточкасына қосылады.

4.6. Төлем карточкасын мерзімінен бұрын жапқан кезде, [«Альфа-Чек»](#) Қызметі автоматты түрде өшіріледі. Бұл ретте [«Альфа-Чек»](#) Қызметін көрсеткені үшін Банктің комиссиясы қайтарылмайды.

4.7. Төлем карточкасын бұғаттаған кезде, [«Альфа-Чек»](#) Қызметі Клиенттің [«Альфа-Чек»](#) Қызметін өшіру туралы нұсқауын бергенге дейін, не Төлем карточкасын жапқан сәтке дейін көрсетіледі.

Отформатировано: казахский, Узор: Нет

5. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

5.1. Клиент құқылы:

5.1.1. Банкке осы Талапқа, Шартқа, Ережеге сәйкес қарастырылған тәртіпте бұғаттау/шешу туралы ауызша және/немесе жазбаша өтініш беру;

5.1.2. Төлем транзакциясын жүргізу бойынша наразылық бар болса, көшірме құрылған күннен бастап, 30 күнтізбелік күн ішінде, бірақ Төлем транзакциясын жүргізу күнінен бастап 40 күнтізбелік күннен кем емес, Банкке қолда бар құжаттарды (слиптер, чектер ж.т.б.) тіркеумен шағым беру. Клиенттің Банкке Шағымы сондай-ақ, кез-келген басқа Өтініші, ҚР заңнамалары белгілеген мерзімде қарастырылады;

5.1.3. Банкке қосымша Карточка шығаруға Өтініш білдіруге;

5.1.4. Банкке Төлем лимиттерін алуға/өзгертуге және Банкпен белгіленген тәртіпте Карточка бойынша шектеу қоюға Өтініш беруге;

5.1.5. Банк тарифтеріне сәйкес, "Альфа-Чек" қызметін қосуға.

5.2. Клиент/Карточка ұстаушы міндетті:

5.2.1. осы Талаптарға, Шартқа және Ережелерге сәйкес Карточкаларды пайдалануды қамтамасыз ету;

5.2.2. Төлем транзакцияларын осы Талапқа сәйкес, Төлем лимиті шегінде жүргізу;

5.2.3. Банк Тарифтеріне сәйкес комиссиялық сыйақы төлеуге;

5.2.4. Төлем транзакциялары бойынша расталған PIN-код терумен және/немесе Карточка ұстаушының қолымен және/немесе, Карточка деректерін пайдаланумен және/немесе, құпия сөз пайдаланумен және/немесе, клиенттің Қарқынды сәйкестендіруін пайдаланумен сөзсіз есептесуге және/немесе байланыссыз технологияларды пайдалану арқылы, және/немесе [3D Secure](#) Паролін [/SecureCode](#) дұрыс терумен растау арқылы;

5.2.5. Банк Төлем транзакциясы және Банктің комиссиялық сыйақы сомасын алу үшін, Шоттағы соманың жеткілікті болуын қадағалауға;

5.2.6. Карточканы жоғалтқанда немесе ұрлатқан жағдайда, сондай-ақ Карточка Шотына санкцияламай қол жеткізген кезде, Банктің бөлімшесіне келіп не [Банк Call-center](#) қоңырау шалып (Банктің деректемелері <https://alfabank.kz/> сайтында көрсетілген), Банкке тез арада хабарлау қажет. Клиент/Карточка ұстаушы бұғаттау күшіне енгенге дейін Карточка Шоты бойынша жасалған Төлем транзакциялары үшін жауап береді, және бұғаттау күшіне енген сәттен бастап одан босатылады.

5.2.7. Банкті карточка шығару Өтінішінде көрсетілген деректердің өзгергені жөнінде олардың өзгеру сәтінен 5 (бес) күннен кем емес хабарлауға. Клиент "Альфа-Чек" қызметі арқылы Банктің Шот бойынша ақпарат жолдауын бастама еткен жағдайда, Клиент телефон нөмірі өзгергені туралы Банкті дереу хабардар етуге міндетті;

5.2.8. Карточка бойынша алаяқтық операцияларды болдырмау мақсатында, Банктен тиісті хабарлама алған кезде (хабарлау әдісін Банк өзі таңдайды), Карточканы пайдалануды тоқтату, сондай-ақ, алаяқтық операцияларды болдырмауға байланысты Банктің ұсыныстарын қолдану.

5.2.9. Карточканың сақталуын және [PIN-код](#) құпиясының және Карточканың бет жағына және кері жағына жазылған деректердің (Карточка нөмірі, қолданылу мерзімі, Аты мен Тегі, [CVV/CVV2 код](#) және т.б.) сақталуын қамтамасыз етуге. Үшінші тұлғаға, Банк қызметкерлерін қоса алғанда PIN-код туралы ақпаратты жарияламау. Карточкада PIN-код жазуға тыйым салынады, сондай-ақ, оны Карточкамен бірге сақтауға;

5.2.10. үшінші тұлғаға Карточканы және/немесе PIN-код пайдалануға бермеуге. Карточканы (оның деректемелерін) біреудің пайдалануына және/немесе [PIN-кодты/Бір реттік парольді/3D Secure/SecureCode](#)

берген жағдайда, барлық Төлем транзакциялары үшін жауапкершілікті толық көлемде Клиент/Карточка ұстаушы алады.

5.2.11. салық органдарымен барлық есептесулерді өздігімен жүзеге асыру;

5.2.12. Клиенттің және/немесе Карточка ұстаушының кінәсінен болған, сондай-ақ Карточканы бұғаттауға байланысты барлық шығындар мен сот шығындарын сөзсіз өтеуге;

5.2.13. Банкке Карточка ұстаушы жоғары қауіпті елдерге барып келген соң Банктің Карточканы қайта шығару/ауыстыру қажеттігі туралы өтініш беруге;

5.2.14. Карточка ұстаушылардың Шот бойынша ақшасын Төлем транзакциясын жүргізу кезінде жұмсауын бақылау және Банк комиссиясын есепке алумен Техникалық берешекті болдырмау;

5.2.15. Шотта Техникалық берешек болған жағдайда, Банк алдындағы берешекті тез арада өтеуге;

5.2.16. Әр Карточка ұстаушыны Талаптың, Шарттың және Ережелердің талаптарымен таныстыруға ;

5.2.17. Карточканы Банктің бірінші талабы бойынша қайтаруға (Банк талабын жолдау әдісін өздігімен тандайды);

5.2.18. Банкке Шотқа қате түскен ақшаны немесе Банкомат/POS-терминал пайдаланумен қате алынған ақша және Банкомат/POS-терминалдың бақылау түбіртегінде көрсетілген (қате есептелгенге/алынғанға байланысты емес) шамадан тыс соманы дереу қайтаруға.

5.3. Банк құқылы:

5.3.1. Төлем карточкалары бойынша, осы Талаптың 5.1.2. т.т. қарастырылған тәртіп бұзылған жағдайда, Клиенттің шағымын қабылдамауға;

5.3.2. Карточка және/немесе Шотты мына жағдайда (сонымен бірге біржақты тарапта Шартты тоқтатуға және кейін алып алу құқымен) бұғаттау:

- Клиент/Карточка ұстаушы осы Талапты, Шартты және/немесе Ережені және басқа да Банктің талаптарын бұзғанда;

- Клиент/Карточка ұстаушыдан Карточканың жоғалғаны/ұрланғаны туралы, сондай-ақ Шотқа рұқсатсыз қол жеткізу туралы хабарлама алғанда;

- Банкке ҚР заңнамаларына сәйкес Клиенттің келісімінсіз ақшаны алу құқығы бар үшінші тұлғалардың шығын операцияларын тоқтату туралы шешімі/қаулысы түскен жағдайда, сондай-ақ өкілетті органның (тұлғаның) Клиенттің ақшасына тыйым салу туралы шешімі/қаулысы түскен жағдайда;

- Клиенттің Банк алдындағы кез-келген міндеттемелері бойынша берешектерінің болуы;

- Банктің пікірі бойынша Клиент және/немесе Банк үшін шығынға ұшырау мүмкін болатын жағдайдың бар болуы;

- Карточканың және/немесе Шоттың алаяқтық операциялар үшін пайдаланылуы, ақшалай қаражатты заңдастыру (жылыстату) және/немесе террористік әрекетті қаржыландыру сияқты жеткілікті күдіктің бар болуы;

- Шотқа қате түсірілген ақша (осындай қате санаудың себебіне байланысты емес);

- Қазақстан Республикасы заңнамаларымен және/немесе осы Талаппен, Шартпен қарастырылған басқа жағдайларда;

5.3.3. Шоттағы Техникалық берешек бірнеше рет туындаған жағдайда, өз қарауынша жою және/немесе алып тастау;

5.3.4. Шот бойынша ақша есептеу/шығару операцияларын жүргізбеу, егер:

- олар Қазақстан Республикасының заңнамаларына қайшы келсе;
- Төлем транзакциясының сомасы Банк комиссиясының есебімен Шоттағы ақшадан асып кетсе;
- Карточка бұғатталған/жойылған немесе оның қызмет мерзімі аяқталған;
- Клиент Банк алдында немесе Банктен жасалған кез-келген басқа шарттар/келісімдер алдында мерзімі өткен өтелмеген берешегі бар болса;
- Банктің пікірі бойынша Клиент және/немесе Банк үшін шығынға ұшырау мүмкін болатын Төлем транзакциясы;
- егер Төлем транзакциясын жүргізу Қазақстан Республикасы заңнамаларының, халықаралық келісімдердің, халықаралық банктік тәжірибе немесе Банктің ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес, Клиент Банкке қосымша құжаттарды ұсыну талап етілсе және сол құжаттар Банктің талабы бойынша ұсынылмаған болса (сонымен бірге салықтық резиденттілік);
- Банк және/немесе Клиенттің операцияларына таратылатын шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның санкциясының (ықпал шарасының) әсері бар болса;
- Төлем транзакциясы алаяқтық операциялар үшін пайдаланылуы, ақшалай қаражатты заңдастыру (жылыстату) және/немесе террористік әрекетті қаржыландыру сияқты күдіктің бар болуы;
- Қазақстан Республикасы заңнамаларымен қарастырылған немесе одан туындайтын негіздер бойынша
- Төлем транзакциясы рұқсат етілмеген болып табылады;

5.3.5. Клиенттің/Карточка ұстаушының Банк талаптарына сәйкес емес жағдайда, Клиенттің Карточканы шығару/қайта шығару туралы өтінішін қабылдамау;

5.3.6. Шотқа санкцияланбаған рұқсатсыз қол жеткізуін, алаяқтық операцияларды болдырмау мақсатында, Клиенттің Карточкасы бойынша Төлем лимитін және Төлем транзакцияларының жеке түрлеріне және қолма-қол ақша берудің ең жоғарғы сомасына шектеу қою;

5.3.7. Шартпен және №1 Қосымшамен қарастырылған Шотты жабу жағдайы мен тәртібінде Карточканы жою;

5.3.8. Клиентке Карточканың бұғатталғаны туралы Банктің бастамасы буюынша хабарлау (хабарлау әдісін Банк өзі таңдайды);

5.3.9. Клиентке Төлем лимиттерін және Карточка бойынша шектеулерді алудан/өзгертуден бас тарту;

5.3.10. Карточка ұстаушы осы Талаптарды және Ережелерді бұзған жағдайда, сондай-ақ Карточка ұстаушының Карточканы пайдалану арқылы алаяқтық операцияларға қатысуын растайтын негіздемелер, белгілер немесе деректер болған кезде, даулы Төлем транзакциялары бойынша ақшаны өтеуден бас тарту;

5.3.11. даулы Төлем транзакциялары бойынша ақша өтеуден бас тарту, егер мұндай транзакциялар Карточканы пайдаланумен орындалған болса, о.і. жасанды Карточканың;

5.3.12. Клиент Банк тарифтеріне сәйкес комиссияларды төлемеген жағдайда, "Альфа-Чек" қызметін Клиенттің келісімінсіз өшіру.

5.4. Банк міндетті:

5.4.1. Карточка шығаруға Өтініш алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде (Клиентке қызмет көрсететін Банк филиалына Карточканы жеткізетін уақытты есептемегенде) және Клиент Банк тарифтеріне сәйкес Банктің сыйақы комиссиясын төлегеннен кейін, Шот ашу және Карточка шығару;

5.4.2. Карточка ұстаушыға Халықаралық Төлем жүйесі стандартына және Ережелерге сәйкес қызмет көрсетуге;

5.4.3. Банктің бастамасымен Карточканы бұғаттау туралы Клиентке хабарлау (хабарлау тәсілін Банк өзі таңдайды);

5.4.4. Клиенттің Банк Тарифтеріне сәйкес комиссиялық сыйақы төлемін жүргізгеннен кейін оның жазбаша сұрауы бойынша қосымша көшірмелер ұсынуға;

5.4.5. Клиенттің Банк Тарифтеріне сәйкес комиссиялық сыйақы төлемін жүргізу шартымен, Карточканың қызмет мерзімі аяқталуы бойынша оны шығаруды/қайта шығаруды қамтамасыз етуге.

6. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

6.1. Банк жауапты:

- Қазақстан Республикасының заңнамаларымен, осы Талаптар мен Шартпен қарастырылған жағдайлардан басқа, Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес, банк құпиясының жариялануына;

- Банктің кінәсінен қате жүргізілген Төлем транзакциясы үшін. Банктің жауапкершілігі қате жүргізілген операцияны және комиссиясын жоюмен шектеледі.

6.2. Банк жауапты емес:

- үшінші Тараптың Карточкаға қызмет көрсетуінен бас тартқаны үшін (негізгі немесе қосымша);

- Карточкаға қызмет көрсету пунктімен байланыстың жоқтығынан, нәтижесінде Төлем транзакциясын жүргізуге сұраным Банкке түспеген жағдай үшін;

- Карточкаға қызмет көрсету пунктінің Банктен Авторизация туралы жауабын алмағаны үшін;

- өкілетті органдармен және лауазымды тұлғалармен Қазақстан Республикасы заңнамаларына сәйкес ұсынылған ұйғарымның негізінде, сондай-ақ, Осы Талаптың 5.3.2., 5.3.4. т.т. белгіленген жағдайларда, Клиенттің ақшасына тыйым салу немесе Шот бойынша операциялар жүргізу тоқтатылған жағдайда, төлем транзакциясын жүргізу мүмкін болмағаны үшін;

- Клиенттің келісімін қажет етпейтін төлем құжаттарының негізінде, үшінші тұлғаның Шоттан ақшаны есептен шығаруы нәтижесінде залалы үшін;

- осы Талапқа сәйкес Төлем транзакциясының валюта айырбастауға байланысты Клиенттің қосымша шығыны/залалы үшін;

- валюта айырбастау бойынша Халықаралық төлем жүйесінің әрекеті Төлем транзакциясының валюталармен есеп айырысу, соның ішінде, Авторизация валютасының Төлем транзакциясы валютасынан айырмашылығы үшін;

- Төлем транзакциясын жүргізуге қатысатын, Төлем транзакциясын жүргізуге мүмкіндігін болдырмауға, соның ішінде Төлем транзакциясы бойынша ақша аударымын аяқтау мүмкіндігін болдырмауға әкеп соқтыратын Халықаралық төлем жүйесінің және/немесе банк-корреспонденттің әрекеті;

- ұялы байланыстың сапасы және ақпарат беру мүмкін болмаса, соның ішінде ұялы байланыс операторы немесе үшінші тұлғаның кінәсі үшін;

- Карточка бойынша алынға тауардың, жұмыстың, қызметтің сапасы үшін;

- Клиенттің/Карточка ұстаушының мүддесіне тиетін, үшінші тараппен белгіленген, Карточканы пайдаланумен жүзеге асырылатын, Төлем транзакциялар бойынша лимиттер, шектеулер және қосымша сыйақылар;

- Клиенттің/Карточка ұстаушының Банкке жоғалған/ұрланған Карточканы бұғаттау туралы дер кезінде Өтініш бермеуінің салдарынан, сондай-ақ, Шотқа рұқсатсыз қол жеткізу кезінде;
 - Клиенттің/Карточка ұстаушының алаяқтықтың жоғарғы қауіпті елдерге барып келген соң, Банкке Карточканы бұғаттау туралы, сондай-ақ Карточканы ауыстыру/қайта шығару туралы дер кезінде Өтініш бермеуінің салдарынан, сондай-ақ Клиенттің (кез-келген негізде) осындай Карточканы ауыстыру/қайта шығарудан бас тартуының салдарына;
 - электрондық құрылғының ақаулығынан немесе дұрыс қызмет етпеу нәтижесінде, Клиент/Карточка ұстаушы Төлем транзакциясын осы құрылғы арқылы жүргізу кезінде, егер мұндай құрылғының ақаулығы туралы көзге көрінетін, жазбаша немесе басқа түрде ақпарат болса, Клиент/Карточка ұстаушы душар болған шығындары үшін;
 - Шот бойынша ай сайынға көшірмелерді ұсыну кезінде, басқа тұлғалардың тыңдау, берілген ақпаратты ұстап қалу немесе ұялы байланыс арналарына және Электрондық поштаға басқадай қол жеткізуіне;
 - Клиенттің/ Карточка ұстаушының осы Талаптарды, Шартты және Ережелерді орындамау салдарынан болған залалы;
 - Клиенттің/ Карточка ұстаушының төлемдер мен ақша аударымдарын жүзеге асыру кезінде дұрыс емес деректерді көрсетуіне;
 - Төлем транзакцияларына байланысты, Клиент пен Карточка ұстаушының арасындағы өзара қарым-қатынасы үшін.
- 6.3. Клиент жауапты:**
- Клиенттің/Карточка ұстаушының осы Талаптарды, Шартты және Ережелерді орындамау нәтижесінде Банкке келтірген залалы – толық көлемдегі Банкке келтірілген залалы;
 - Техникалық берешекті өтемеу – Банктің Тарифтерінде көлемі бекітілген, жауапкершілікті ескере отырып, өтелмеген берешек мөлшерінде.
 - Банкке/Клиентке келтірілген залалы, Клиент/Карточка ұстаушы Карточканы, PIN-кодты, пароль-сөзді, 3D Secure парольді, Біржолғы (уақытша) код, Карточканың деректемелерін үшінші тұлғаға беруге байланысты – толық көлемдегі келтірілген залалы үшін;
 - қызмет көрсету пунктінде жүргізілген, Verified by Visa/MasterCard SecureCode бағдарламаларына қатыспайтын Төлем транзакцияларынан басқа, 3D Secure паролімен/SecureCod растаусыз Интернет желісінде Төлем транзакциясын жүргізгені үшін;
 - осы Талаптардың 5.2.19. т. белгіленген жағдайларда – Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес, қайтарылмаған/дер кезінде қайтарылмаған мөлшердегі әр күнгізбелік күн үшін мерзімі өткен өсімшұл сомасының есебімен Банкке ақша қайтармауы/дер кезінде қайтармауы;
 - Банкке жоғалған/ұрланған Карточканы бұғаттау туралы дер кезінде Өтініш бермеуінің салдарынан, сондай-ақ, Шотқа рұқсатсыз қол жеткізу кезінде Банкке/Клиентке толық көлемдегі келтірілген залалы үшін;
 - Клиенттің/ Карточка ұстаушының кінәсінен болған немесе бұғаттауға және/немесе жоғалған/ұрланған Карточканы алып қоюға байланысты шығындар және соттық ұсталымдар – Банкке толық көлемдегі келтірілген залалы үшін;
 - Карточка ұстаушының алаяқтықтың жоғарғы қауіпті елдеріне барып келген соң, Банкке Карточканы бұғаттау туралы өтінішпен уақатында жүгінбеуінің салдарынан, сондай-ақ Клиенттің (кез-келген негізде) осындай Карточканы ауыстыру/қайта шығарудан бас тартуының салдары үшін;
 - Банктің сұрауы бойынша даулы жағдайларға қатысты құжаттарды (мысалы, тауарды/қызметті қолма-қол төлегені туралы чек, Клиенттің даулы жағдайларды өздігімен реттеу әрекетін көрсететін Интернет-кәсіпкермен хат алысу материалдарын) ұсынбағаны және/немесе даулы жағдайларды қарастыруға Өтінішін бермегені немесе дер кезінде бермегені үшін;
 - Клиенттің Өтінішіне сәйкес Карточка бойынша Төлем лимитін алып тастау/өзгерту нәтижесінде Банкке залал келтіру – Банкке толық көлемдегі келтірілген залалы үшін.

7. Басқадай талаптар

7.1. Карточканы бұғаттау туралы телефонмен немесе басқа байланыс арналарымен қабылданған нұсқау, сондай-ақ, Шот бойынша қабылданған ақпарат алу туралы және өтініштің басқа нұсқалары, Банктің ішкі құжаттарына сәйкес Карточка Ұстаушыны/Клиентті сәйкестендірген кезде, Клиенттің Шотына иелік етуге өкілетті тұлғалардың қол қоюымен бекітілген және қағаз тасығышта алынған және Клиент мөрінің баспа таңбасы (бар болса) немесе Карточка ұстаушының қол қою үлгісіне сәйкес Клиент мөрінің баспа таңбасы Карточка ұстаушының/Клиенттің балама жазбаша нұсқауы болып табылады.

7.2. Карточка Ұстаушы Шарт бойынша Банк алдында өз міндеттерін орындауға әсері бар жағдай туындаса, (қоса алғанда, бірақ шектелмей: Карточка Ұстаушының қазасы, оның хабарсыз кеткен деп танылуы, оның қабілеттілігіне кез-келген шектеулер) Клиент (егер жоғарыда көрсетілген жағдайлар Клиентке қатысты болса қосымша Карточканың ұстаушысы) Банкке тиісті жазбаша Өтініш беру арқылы сол жағдайлардың болғанын дереу хабарлауға міндетті. Банк егер Клиенттің хабарсыз кеткен деп танылуы/қазасы/қайтыс болғанын

хабарлағаны туралы фактіні растайтын құжаттар алса Банк Шот бойынша барлық операцияларды тоқтатуға құқылы.

7.3. Клиент PIN-код және IVR (Interactive Voice Response модуль, Банкті байланыс орталығының жүйесі) арқылы Интернет желісінде жүргізілетін операцияларды растау үшін тұрақты 3D-Secure қоюға келісетінін растайды. PIN-код және тұрақты 3D-Secure паролін [SecureCode](#) қою Нұсқаулығы Банктің интернет-қорында (www.alfabank.kz) орналасқан.

7.4. Талапқа өзгерістер Шартпен бекітілген тәртіпте енгізіледі.

7.5. осы Талаптардың бөлігіндегі Шарт белгілі бір Карточкаға (-ларға) байланысты кез келген Тараптардың бірінің бастамасымен тоқтатылуы мүмкін және Тараптардың өзара есептесуін жүзеге асырғаннан кейін ғана тоқтатылды деп саналады. Сонымен бірге, Карточканы шығаруға/қайта шығаруға қызмет көрсеткені үшін Банктің комиссиялық сыйақысы қайтарылмайды.

7.6. Клиент кез-келген уақытта біржақты тәртіпте осы Талаптардың бөлігіндегі Шарттың белгілі бір Карточкаға (-ларға) немесе барлық шығарылған Карточкаларға байланысты жазбаша өтініштің негізінде осы Талаптардың бөлігінде Шартты болжамды тоқтату күніне дейін 45 (қырық бес) күнтізбелік күн бұрын және Банк алдында берешектің болмауынан орындаудан бас тартуға құқылы. Бұл ретте Карточкаларға қызмет көрсеткені үшін (шығару/қайта шығару) Банктің комиссиялық сыйақысы қайтарылмайды. Клиент Шарттың тоқтату тәртібін сақтаусыз Карточканы пайдаланудан бас тартуы және Карточканы (-ларды) жою осы Талаптардың бөлігіндегі Шарттың тоқтатылуына әкелмейді. Банк алдында берешектер болған кезде Шарт бойынша Клиенттің өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін тиісті бөлікте Шарт әрекет етеді.

7.7. Банктің бастамасы бойынша осы Талаптардың әрекеті Шартпен және ҚР заңнамаларымен қарастырылған Шартпен белгіленген тәртіпте тоқтатылады.